



ӘОЖ 94.(574)

ҒТАХР 03.20.09

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.101(1).15

Каримов Қ.С.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан

E-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Соңғы жылдары отандық тарих ғылымында мемлекет пен қоғамға елеулі еңбек сіңірген тұлғалардың өмір жолын зерттеу басты бағыттардың біріне айналды. Ұлттық мүдде жолында қызмет атқарған қайраткерлердің өмірі мен олардың қоғамдық-саяси қызметі бүгінгі таңда өзекті ғылыми мәселелер қатарында қарастырылуда. Қазіргі таңда Қазақстан тарихында жеке тұлғалардың деректік негізде зерттелуі арқылы жаңа тарихи мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Солардың ішінде кеңестік кезеңдегі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы мен атқарған қызметін зерттеу айрықша маңызға ие. Осы ғылыми мақалада Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты тарихи деректер жан-жақты қарастырылады. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты – Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты деректерді (мұрағаттық құжаттар, естеліктер, мемуарлар, хаттар, жеке құжаттар және т.б.) кешенді түрде жинақтап, жан-жақты ғылыми талдау жүргізу болып табылады. Материалдар мен әдістер. Негізгі дереккөздер ретінде архивтік материалдар, тұлғаның өмірі мен қызметіне қатысты естеліктер, мемуарлар, хат-хабарлар, жеке құжаттар пайдаланылды. Зерттеу барысында тарихи мәні жоғары, мазмұны терең түрлі деңгейдегі деректерге талдау жүргізілді. Нәтижелер. Зерттеу нәтижесінде Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты бұрын белгісіз болып келген тың мәліметтер анықталды. Сонымен қатар, тұлға туралы естеліктерден үзінділер мен архивтік құжаттар ғылыми айналымға енгізіліп, олардың негізінде Жәнібековтің адамгершілік болмысы мен қызмет ерекшеліктері жан-жақты сипатталады. Қорытынды. Бұл зерттеу жұмысында Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметіне байланысты тарихи деректер кешенді түрде қарастырылып, соның нәтижесінде бұрын ғылыми айналымға енген жаңа мәліметтер анықталды.

Кілт сөздер: Өзбекәлі Жәнібеков; тарихи тұлға; қоғамдық-саяси қызмет; архив құжаттары; деректану; естеліктер; мемуарлық деректер; дереккөздік талдау.

Кіріспе

Ғылыми зерттеулердің маңызды аспектілерінің бірі – тарихи деректерді жүйелі түрде талдау мен өңдеу болып табылады. Бұл процестің жүзеге асуы тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуының маңызды бағыттарының бірі ретінде тарихтың дәстүрлі әдістерінен тәуелсіз ғылыми тәсілдерді қалыптастыруда айрықша маңызға ие болды. Бұл, әсіресе, деректану саласының тарих ғылымында ерекше орын алуы мен оның ғылыми ортада институционализациялануымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, салыстырмалы түрде алғанда, отандық және кеңестік немесе ресейлік тарих ғылымымен қатар, батыс зерттеулерінде де деректану ғылымының қажеттілігі айқын көрінеді.

Деректану саласының негізгі материалдық базасын жарияланған және жарияланбаған деректер құрайды. Бұл қатарға Өзбекәлі Жәнібековтің тарихи-этнографиялық тақырыптағы монографиялық зерттеулері, орталық және жергілікті қоғамдық-саяси басылымдарда жарияланған мақалалар, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың ресми құжаттары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің басқарушылық құжаттары, бұйрықтар, қаулылар, жадынамалар, жылдық есептер мен статистикалық деректер жатады. Сонымен қатар, қазақ тарихы, халықтық тәрбие мен этнографиясы туралы эсселер, далалық зерттеулер, естеліктер мен жазбаша материалдар да маңызды ақпарат көзі болып табылады. Бұл деректер, сондай-ақ жеке архивтерде сақталған құжаттар да маңызды орын алады.

Архив құжаттары да деректану зерттеулерінде маңызды материалдық база болып табылады. Жеке тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу барысында, әсіресе ғалымдар, жазушылар, композиторлар, журналистердің жеке құжаттары мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде сақталатын тұрақты құжаттармен бірге зерттеу үшін аса құнды дереккөздер болып табылады. Бұл



құжаттар жеке тұлғаның өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін бағалы материалдар болып табылады [1, 1100-1103 бб.].

Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты архивтік деректер тұлғаның тарихын зерттеуде аса құнды ақпарат көздері болып табылады. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде мәдениет, ғылым және білім саласының қайраткерлері, қоғамдық және саяси қозғалыстардың жетекшілері, сондай-ақ басқа да әйгілі тұлғалардың жеке текті құжаттар қоры арнайы жинақталған. Бұл құжаттар қорының жүйелі түрде өңделуі және бұрын жарияланбаған тарихи материалдардың ашылуы ғылыми зерттеулер үшін маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми мақаланың мазмұны Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты тарихи деректермен тығыз байланысты болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы барысында әр түрлі деңгейдегі дереккөздері пайдаланылды. Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметіне қатысты деректердің негізгі базасын архивтік материалдар құрайды, олар тақырыпты терең әрі жан-жақты ашуға мүмкіндік беретін ең құнды тарихи дереккөздері ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен шығармашылығы туралы ақпараттың көлемін гуманитарлық ғылымдар саласындағы түрлі зерттеушілер, атап айтқанда, жазушылар [2, 3-4 бб.] тарихшылар, этнографтар, филологтар, әлеуметтанушылар, музей мамандары және басқа да сала өкілдері толықтырады.

Зерттеу тақырыбы бойынша негізгі дереккөздер архивтік құжаттар болып табылады [3, 398-400 бб.]. Зерттеу тақырыбының мазмұны деректану және деректанулық зерттеулермен тығыз байланысты болғандықтан, материалдық база туралы негізгі бөлімде кеңінен қарастырылатын болады.

Қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымдар мен тарих ғылымында орын алып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар жаңа зерттеулердің нәтижелерімен сипатталады. Ғалымның ғылыми және әлеуметтік көзқарастарының толыққанды түсіндірмесін беру үшін зерттеушінің жарияланған жұмыстарында қолданылған ақпараттардың кешенді талдауы, сондай-ақ жеке құжаттар жиынтығының жүйелі түрде сарапталуы қажет.

Зерттеу барысында Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі, сондай-ақ шығармашылығы туралы деректер деректанулық тұрғыдан сыныпталып, олардың сипаттамасы осы салаға тән әдістер мен тәсілдерге негізделген. Сонымен қатар, тақырыптың ғылыми траекториясына сәйкес деректанулық талдаумен қатар тарих ғылымының принциптері мен әдістері де қолданылды, бұл өз кезегінде тиісті қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Тарих ғылымының қалыптасқан қағидаларына сәйкес Өзбекәлі Жәнібековтің архивтік жеке құжаттары белгілі бір тарихи кезеңнің көрінісі ретінде қарастырылды. Ғылыми архивтің негізін қалаушы тұлғаны зерттеу барысында біз өмірбаяндық әдістемені қолдандық.

Зерттеу нәтижелері

Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметіне қатысты зерттеулер тәуелсіздік жылдарынан бастап кешенді түрде қолға алынған ғылыми тақырыптардың бірі болып табылады. Тәуелсіздік кезеңінде және жаңа мыңжылдықтың басында Қазақстан тарих ғылымында мемлекеттік тұлғалардың тарихын зерттеу өзекті мәселелердің қатарында болды. Алдымен империялық кезеңдегі Алаш қайраткерлерінің, кейіннен кеңестік кезеңде қызмет еткен мемлекеттік тұлғалардың жеке тарихы мен қызметі ғылыми айналымға түсе бастады. Бұл тұрғыда Өзбекәлі Жәнібековтің тарихы мен қызметі ерекше орын алды, себебі ол дарынды мәдениеттанушы, тарихшы және этнограф ретінде кеңінен танылды.

Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық қызметі тарихшылар, қоғамтанушы-ғалымдар және кейде журналистер тарапынан зерттеліп келеді. Аталған ғалымдардың бірі Халел Арғынбаев болып табылады. Ол өз зерттеулерінде Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектерін, оның тұлғалық қасиеттерін және қоғамдық ғылымдағы, әсіресе халықтық дәстүрлер мен этнографиялық идеяларды зерттеу саласындағы қызметін жоғары бағалады. Халел Арғынбаев Өзбекәлі Жәнібековтің ғылыми еңбектеріне талдау жасап, оның ғылым мен қоғамға қосқан үлесін терең әрі жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі [4, 10 б.]. Арғынбаевтың зерттеулерінде Жәнібековтің мемлекеттік және қоғамдық қызметтерімен ғылыми еңбектері талқыланған.

Өзбекәлі Жәнібековтің автобиографиясы мен өмір жолы, сондай-ақ оның еңбек жолы мен мемлекеттік-қоғамдық қызметі бойынша зерттеушілердің қатары уақыт өткен сайын артып келеді. Зерттеушілер негізінен оның жеке еңбектеріне (естеліктері, шығармалары, мемуарлары, кітаптары) сүйенеді. Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметіне қатысты терең ғылыми зерттеу жүргізген тарихшылар З. Жәкішеваның және Б.С. Адырбектің еңбектерінде жаңаша тұжырымдар мен тың мәліметтер ұсынылған [5, 15-21 бб.]. Бұл зерттеулерде Жәнібековтің қоғамдық қызметі мен мемлекеттік саладағы ролі тарихи контексте қарастырылған.

З. Жәкішеваның ғылыми еңбегінде Өзбекәлі Жәнібековтің мәдениет саласында жасаған көлемді жұмыстары мен оның тарихи жәдігерлер мен ескерткіштерді халықаралық деңгейде, атап айтқанда



ЮНЕСКО тізіміне енгізу бағытында жүргізген белсенді қызметі жоғары бағаланған [6, 162 б.]. Жәкішева өз зерттеуінде осы бағыттағы жаңа мәліметтерді нақты дәйектермен дәлелдеген.

Тұрсұн Хазірет сияқты зерттеушілер де Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметіне қатысты өз зерттеулерін жүргізіп келеді. Сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібековтің этнограф ретінде қазақ халқының дәстүрлі ұлттық киімдері, нақыштары, ою-өрнектері мен символикасын дәріптеу жөніндегі ғылыми жұмыстарында да оның тарихы мен қызметі кеңінен зерттелген. Жәнібековтің тарихи материалдық мәдениет бойынша енгізген жаңалықтары мен этнографиялық зерттеулерінің маңызы зор, және олар ғылыми еңбектерде толықтай көрініс тапты.

Ө. Жәнібековтің өмірі мен қызметі бойынша архив материалдары.

Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты деректердің негізгі бөлігін архив құжаттары құрайды. Қайраткерге қатысты құнды мәліметтер Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде жеке қор ретінде сақталған. Бұл ретте архив ісінің атқаратын рөлі мен маңызы ерекше екенін атап өткен жөн. Себебі, архив материалдарының осы күнге дейін толық сақталуы – архив саласының жүйелі әрі кәсіби жұмысының нәтижесі.

Тарихқа көз жүгіртсек, ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңестік Қазақстанда архивтерде жеке қорлардың қалыптасуына ерекше көңіл бөліне бастады. Әсіресе, 1960-жылдардан бастап мемлекет пен қоғамның дамуына елеулі үлес қосқан белгілі тұлғалардың жеке мұралары жинақталып, арнайы тектік қорлар құрыла бастады. Бұл үрдіс Өзбекәлі Жәнібеков сынды қайраткерлердің де мұраларын сақтап, ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік берді.

Кеңестік кезеңде елдің саяси-әлеуметтік және мәдени дамуына ықпал еткен танымал тұлғалардың жеке архивтік құжаттарын жинау белсенді түрде жүргізілді. Алғашында аса беделді саяси және мемлекеттік қайраткерлердің материалдары жинақталған болса, кейінірек әдебиет, өнер, ғылым сынды салалардың көрнекті өкілдерінің де жеке қорлары қалыптасты. Осы үрдістің нәтижесінде мәдениет пен ғылымның майталмандары – жазушы М. Әуезовтің, академик Қ. Сәтбаевтың, соғыс батырлары Т. Бигелдинов пен Б. Момышұлының жеке қорлары ресми түрде архивке өткізілді [7, 15–20 бб.].

Қазақстан архив ісінде кеңестік кезеңде басталған жеке тұлғалардың архивтік қорларын жинақтау дәстүрі тәуелсіздік жылдарында да өз жалғасын тапты. Әсіресе, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві – еліміздің басты архив мекемесі ретінде – бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып келеді. Тәуелсіздік алғаннан кейін архив ісі жаңа серпін алып, жеке тұлғаларға арналған қорларды құру мен толықтыру жұмыстары жандандырылды. Қазіргі таңда бұл үрдіс тұрақты жалғасып, кеңестік кезеңде ел дамуына үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар көлемі арта түсуде. Осы бағытта архивтерде жеке және топтастырылған қорлар жинақталып, сақтауға алынуда.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде жеке қорлардың саны 400-ден асып отыр. Бұл қорлар шамамен жүз мыңға жуық архив істерінен тұрады. Аталған құжаттар тарихи деректердің құнды көзі ретінде бағаланады және олар қоғамға танымал тұлғалардың өмір жолы мен еңбегі туралы маңызды мәліметтер береді. Жеке қорларда «Кеңес Одағының Батыры», «Социалистік Еңбек Ері» атағына ие болғандар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен әдебиет, өнер, мәдениет салаларының өкілдері туралы құжаттар жинақталған. Бұл материалдар тарихи деректанудағы бірегей көздер ретінде ерекшеленеді.

Осы тұрғыда ерекше атап өтуге болатын жайт — мәдениеттанушы, тарихшы және этнограф, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің де жеке қорының Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақталуы. Аталған қорда [8, 16 п.] Жәнібековтің кеңестік кезеңдегі атқарған қызметі мен қоғамдық-саяси, мәдени-ағартушылық істеріне қатысты құжаттар түпнұсқа күйінде сақталған. Бұл құжаттар өзінің деректік шынайылығы мен тарихи құндылығымен ерекшеленіп, зерттеушілерге қайраткердің өмір жолын ғылыми негізде зерделеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивінде жеке тұлғалар қорын жинақтау аясында Өзбекәлі Жәнібековтің жеке қоры 1996 жылы қалыптастырыла басталып, 1997 жылы ресми түрде аяқталды. Бұл қордың архивке тапсырылуына бастамашы болғандар – оның ұлы Бауыржан Жәнібеков пен немересі Әзел Жәнібекова. Аталған қор Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивінде 2238-ші нөмірмен тіркеліп, зерттеушілер мен көпшілік қауымға қолжетімді етілген.

Өзбекәлі Жәнібековтің жеке қорында сақталған материалдар оның өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметін сипаттайтын маңызды тарихи дереккөздер болып табылады. Қордың мазмұны төмендегідей негізгі бөлімдерден тұрады:

- Тұлғаның дүниеге келуі мен өмірбаянына байланысты ресми құжаттар;
- Шығармашылық қызметіне қатысты жазбалар мен оның ғылыми-мәдени еңбектерін айғақтайтын материалдар;



– Әр жылдары атқарған қызметтік және қоғамдық жұмыстарына қатысты құжаттар;
– Түрлі кезеңдерде түсірілген фотосуреттер;
– Қызмет бабында және жеке өмірінен сақталған аудио-бейнематериалдар;
– Жеке хаттар, заманхаттар, телеграммалар сынды хат-хабарлар;
– Тұрмыстық заттарға, мүліктерге және техникалық құрал-жабдықтарға қатысты құжаттар мен материалдар.

Қордағы бұл құжаттар Өзбекәлі Жәнібековтің тарихи тұлға ретіндегі келбетін жан-жақты танып-білуге мүмкіндік береді.

Адамның өмір жолы мен кәсіби қызметі нәтижесінде қалыптасқан құжаттар мен материалдар – белгілі бір тарихи кезеңнің маңызды дереккөздері болып табылады. Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметіне байланысты Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивінде жинақталған жеке қорында шамамен 4000-ға жуық құжат сақталған [9, 17 п.]. Бұл құжаттар мазмұны мен сипатына қарай бірнеше бөлімдерге топтастырылған. Атап айтқанда:

Жеке өмірбаянына байланысты құжаттар

Мұнда тұлғаның туу туралы куәлігі, паспорты, неке туралы куәлігі және жеке басын растайтын өзге де ресми құжаттар қамтылған. Барлық құжаттар архив ережесіне сәйкес сұрыпталып, жүйеленіп, маңыздылығы бойынша топтастырылған.

Білім мен кәсіби даярлықты растайтын құжаттар

Өзбекәлі Жәнібековтің орта мектепті тәмамдағанын куәландыратын аттестаты, жоғары білім алғанын дәлелдейтін дипломы мен оның көшірмелері осы бөлімге енгізілген.

Шығармашылық және ғылыми қызметке қатысты материалдар

Бұл топтамада Жәнібековтің авторлық кітаптары, ғылыми-танымдық мақалалары, әр жылдары жүзеге асқан шығармашылық жобалары мен зерттеу еңбектері бар. Сонымен қатар, этнография және мәдениет салаларына қатысты сызбанұсқалар, кестелер, диаграммалар жинақталған. Ерекше атап өтерлік жайт – дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан кейін Қазақстан үкіметінің тапсырмасымен салынуы көзделген халықаралық қазақ мәдени орталығының эскиздік жобалары мен техникалық құжаттары осы топтамада орын алған. Сондай-ақ, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне арналған сызбалар да сақталған.

Өзбекәлі Жәнібековтің жеке қорындағы келесі маңызды бөлім – оның хат алмасуларын қамтитын деректер жиынтығы. Бұл бөлімде түрлі мекемелерден, әріптестерінен, қоғам қайраткерлерінен келген хаттар, жеделхаттар мен құттықтау ашықхаттар жүйеленіп сақталған. Барлық хаттар алфавиттік тәртіппен орналастырылып, мазмұнына сәйкес шартты түрде үш топқа бөлінеді:

Бірінші топ – Өзбекәлі Жәнібековтің атына келген жеке және ресми хаттар [10, 15 п.]. Екінші топ – Жәнібековтің өзі жазған хаттары. Бұл топтағы құжаттардың арасында мемлекет және партия қайраткерлеріне, соның ішінде Д.А. Қонаевқа жазған ресми мазмұндағы хаттары ерекше орын алады. Үшінші топқа түрлі мерекелік, ресми құттықтау ашықхаттары мен жеделхаттар енеді.

Қор материалдарының ішінен маңызды бір топ – фотоматериалдар бөлімі. Бұл деректер жиынтығы Өзбекәлі Жәнібековтің жеке және қызметтік өміріне қатысты фотосуреттермен қамтылған. Фотолар мазмұны мен уақытына байланысты бірнеше топқа жіктеледі:

Бірінші топқа Жәнібековтің отбасымен, достарымен, әріптестерімен, шетелдік қонақтармен түскен жеке фотосуреттері жатады. Мұнда Д.А. Қонаев, Ю. Гагарин, Г. Титов, П. Беляев, Н. Назарбаев, О. Сүлейменов, Б. Төлегенова, М. Айтқожина, Е. Серкебаев сынды танымал тұлғалармен бірге түскен суреттер де қамтылған.

Екінші топ – ғылыми және мәдени жобалары аясында түсірілген фотоматериалдар. Олар ғылыми зерттеулер мен мәдениет саласындағы еңбектерінің көрнекі дәлелі ретінде маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, архив материалдарының ішінен ерекше бөліп көрсетуге болатын дерек – Өзбекәлі Жәнібековтің Д.А. Қонаевқа жолдаған, Ахмет Ясауи кесенесін қайта қалпына келтіру мәселесіне арналған ресми хаты және оған тіркелген құжаттар [11, 51 п.]. Бұл хат тарихи-мәдени мұраны сақтау жолындағы ғалымның қайраткерлік ұстанымын көрсететін маңызды құжат ретінде бағаланады.

Мұрағаттағы жеке текті құжаттар тарихи дерек ретінде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тұлғаның өмір жолын жан-жақты зерделеу үшін аса құнды материал болып саналады. Бұл құжаттар ресми есептер мен құжаттарда көрсетілмейтін адам өмірінің күнделікті, шынайы болмысын ашуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі таңда жеке құжаттар өткенді ұғынудың маңызды құралдарының бірі ретінде қарастырылады.

Мұндай деректердің құндылығы – олардың субъективті сипатында: адам өз тәжірибесі мен қабылдауы арқылы белгілі бір жағдайларға баға беріп, соған сәйкес шешімдер қабылдайды. Көп жағдайда тарихи үдерістерге түрткі болатын да – дәл осындай субъективті қабылдаудың нәтижесінде жасалған



әрекеттер. Демек, тарихтың бағытын тек ресми, объективті оқиғалар ғана емес, сол оқиғаларды адамдардың қалай түсініп, қалай қабылдағаны айқындайды.

Жеке текті архив құжаттарының тағы бір маңызды рөлі – олар ғылыми-мәдени мақсаттарда кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, тақырыптық көрмелер ұйымдастыруда, деректі фильмдер мен радио-телевизиялық бағдарламалар дайындауда, түрлі зерттеу жобаларында кеңінен пайдаланылады. Бұл құжаттарға деген ғылыми және қоғамдық қызығушылық үнемі артып келеді.

Сонымен қатар, жеке қор материалдары ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін оқу залдарында зерттеушілердің белсенді қолдануына ие болып отыр. Оларды монографиялар, ғылыми мақалалар, баяндамалар және өзге де академиялық еңбектер дайындау барысында пайдаланудың маңыздылығы ерекше.

Тұлғаның қызметіне қатысты шығармашылық материалдар.

Зерттеу тақырыбына байланысты деректік және ғылыми мәні зор келесі материалдар тобы – бұл шығармашылық жазбалар немесе «баяндау сипатындағы деректер» саналады. Бұл топқа Өзбекәлі Жәнібековтің өзі құрастырған жазбалары, естеліктері, заманхаттары, ғылыми-шығармашылық еңбектері мен фотодеректері және соған мазмұндас басқа да материалдар енеді.

Аталған деректер жиынтығының ерекше тармағы ретінде Өзбекәлі Жәнібековтің этнографиялық бағыттағы еңбектерін атауға болады. Оның ішінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – жылжымалы баспана ретіндегі киіз үй, сәндік-қолданбалы өнер түрлері, ұлттық киім үлгілері, қолөнердің көркемдік қырлары кеңінен сипатталған. Бұл шығармалар оқырманға қазақтардың материалдық мәдениетімен тереңірек танысуға мүмкіндік береді [12, 15–25 бб.].

Сонымен қатар, автор қазақтың стационарлық тұрмыстық құрылыстары мен шеберханалары туралы мәліметтер ұсынып, оңтүстік өңірдегі ұлттық киім үлгілерін қайта жаңғырту тәжірибесін сипаттайды. Жинақ иллюстрацияларға өте бай: онда 18–20 ғасырлардағы халық шеберлерінің туындылары, музейлік жәдігерлер мен жеке коллекциялардың материалдары кеңінен қамтылған.

Өзбекәлі Жәнібековтің өзі жазып қалдырған шығармаларының ішінде маңызды орын алатын деректердің бірі – оның заманхаттық еңбектері. Солардың ішінде ерекше атап өтуге болатын туынды – «Тағдыр тағылымы» атты екі томдық жинақ. Бұл еңбекте автор өзінің атқарған қоғамдық-саяси қызметі, мәдениет пен тарихты жаңғырту жолындағы күресі, сондай-ақ ұлттық мұраларды сақтау бағытында жүзеге асырған істері туралы кеңінен баяндайды.

Аталған заманхат автордың тікелей қатысуымен және куәгерлік сипатта жазылғандықтан, оның тарихи дерек ретіндегі маңыздылығы жоғары. Мұнда берілген мәліметтер мен ойлар нақты тарихи жағдайлармен ұштасып, деректанулық тұрғыдан шынайы және сенімді мазмұн береді [13, 28 б.].

Өзбекәлі Жәнібековтің шығармалары қазақ халқын елдікке, ынтымақ пен бірлікке үндейтін мазмұнымен ерекшеленеді. Оның еңбектері тек белгілі бір дәуірдің тарихи айнасы ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана-сезімнің өсуіне ықпал ететін құндылықтар көзі ретінде қарастырылады. Жазған заманхаттары мен жалпы шығармашылық мұрасы арқылы Жәнібеков қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтап, оларды кеңінен дәріптеудің маңызын алға тартады. Бұл – мәдениет пен руханияттың дамуына жол ашатын негізгі факторлардың бірі екендігін дәлелдейді [14, 40–45 бб.].

Сонымен қатар, Жәнібековтің заманхаттары тек оның жеке өмір жолының көрінісі ғана емес, сол уақыттағы мәдениет пен өнер саласындағы өзгерістер мен үрдістердің маңызды дереккөзі ретінде де аса құнды. Мұндай мәліметтерді зерттеп, ғылыми айналымға енгізу қазіргі кезеңдегі гуманитарлық ғылымдардың басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Өзбекәлі Жәнібековтің мұрағатындағы маңызды деректердің бірі — оның замандастарына, ағайындарына және әріптестеріне жазған хаттары. Солардың ішінде тарихшы әрі археолог Мұхтар Қожаға арналған хаттар ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл хаттар қазіргі таңда құнды тарихи дерек көзі ретінде қарастырылады [15, 140 б.]. Мысалы, Жәнібеков Отырар туралы жазған бір хатында былай деп жазады: «Отырар өркениетінің біз үшін маңызы зор екенін сен дұрыс айттың. Бұл өңір қазақ халқының қалыптасу үдерісі басталған жерлердің бірі. Біз мұнда көз жасымен жазылған тарихтың әлі ашылмаған беттері көп екенін білеміз. Сол беттерді өздеріңдей жастар ашады деп сенемін. Сенің "Рауандағы" кітабыңмен мен айналысайын, оны тездетіп шығарамыз. Жақында менің "Уақыт керуені" атты кітабым жарық көруі мүмкін. Онда "Отырар өркениеті және біз" деген бөлім бар. Оқып шықсаң, пікіріңді баспасөз арқылы білдірсең жақсы болар еді».

Бұл хат мазмұны Жәнібековтің тарихқа, мәдени мұраға және музей ісіне деген жанашырлық көзқарасын, сондай-ақ жас зерттеушілерге қолдау көрсету ұстанымын айқын көрсетеді [15, 140 б.]. Мұндай хаттар құрылымдық және байланыстырушы ақпарат ретінде қарастырылады, өйткені олар тарихи құбылыстар жайлы тікелей, бұрмаланбаған, өмірлік деректерді қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай дереккөздердің объективтілігі мен шынайылығы жоғары саналады.



Мерзімді басылымдардағы тұлғаның қызметі.

Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты маңызды тарихи деректердің бірі — мерзімді басылым беттерінде жарияланған материалдары. Бұл басылымдар оның көзі тірісінде атқарған қызметі мен мәдениет саласындағы белсенді әрекеттері жайлы нақты ақпарат береді. Әсіресе, кеңестік жүйенің идеологиялық шектеулеріне қарамастан, ол қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын қорғау мен қайта жаңғырту мақсатында жазған мақалаларымен ерекшеленеді [16, 68-69 бб.]. Бұл жарияланымдарда ол қазақ халқының жоғын жоқтап, ұлттың тарихи жадын сақтау қажеттігін батыл көтерген.

Жәнібеков жазған дүниелерде империялық Ресей мен одан кейінгі кеңестік билік кезеңінде жүргізілген ұлт саясатына қатысты терең пайымдар кездеседі. Патшалық Ресейден кейінгі Қазан төңкерісі кезеңі қазақ халқы үшін жаңа сынақтарға жол ашты. Кеңестік кезеңде ұлтты ұлтқа қарсы қою, жаппай қуғын-сүргін мен рухани отарлау саясаты жүрді. Бұл саясат халықты ұлттық болмысынан ажыратуға бағытталды. Өзбекәлі Жәнібеков осы тарихи үдерістерге тікелей куә болып, оларды терең сезіне білді. Оның мерзімді басылымдардағы мақалалары сол кезеңдегі жағдайды бейнелеп қана қоймай, ұлттық рухты оятуға бағытталған маңызды дереккөзі ретінде де бағаланады.

Мерзімді басылымдар – Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамдық және саяси қызметінің мазмұнын ашуда ерекше маңызға ие дереккөздердің бірі болып табылады. Олар арқылы тұлғаның қызмет ауқымы мен ел игілігі үшін атқарған іс-шаралары туралы бұрын ғылыми айналымға енген тың мәліметтер алуға болады [17, 4-5 бб.]. (Өзбекәлі Жәнібеков үшін рухани жақын басылымдардың қатарында «Қазақ әдебиеті» газеті мен басқа да ұлттық бағыттағы баспасөз құралдары ерекше орын алды. Ол осы басылымдарда жарияланған мақалаларында кеңестік жүйе мен сол кезеңдегі элита арасындағы саяси күрделі ахуалдарға қарамастан, өз пікірін тұспалдап, астарлы әрі шебер түрде жеткізе білген [18, 1-2 бб.].

Қазіргі Қазақстандағы мерзімді басылымдардың, әсіресе қазақ тіліндегі баспасөз тарихының маңызын қайта қарау – уақыт талабы. Бұл салада қазақ халқының рухани және қоғамдық дамуына қатысты бай дерек қоры жинақталған. Мұндай зерттеу жұмыстары – күрделі әрі көп еңбекті қажет ететін үрдіс. 1985 жылы басталған кеңестік “Қайта құру” кезеңінде бұрын партияның “қуатты қаруы” саналатын ұлттық басылымдар аз уақыт ішінде өз бағыт-бағдарын өзгертіп, кеңестік таптық идеологиядан ұлттық мүдде мен руханиятқа бет бұра бастады.

Мерзімді басылымдар ішінде ерекше маңызға ие деректердің бірі – Өзбекәлі Жәнібековтің Қазақ КСР-інің Мәдениет министрі болып тағайындалғаны туралы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған ресми хабарлама [19, 4 б.]. Кеңестік кезеңнің өзінде бұл секілді газеттерде Жәнібеков пен оның замандастары туралы тарихи маңызы бар мәліметтер жиі жарияланып отырған. Алайда, сол материалдардың бір бөлігі ғана ғылыми айналымға енсе, көпшілігі әлі де болса зерттеуші назарын қажет етеді.

Айта кету керек, мерзімді басылымдарды дерек көзі ретінде пайдаланудағы басты мәселенің бірі – түпнұсқалық сенімділік. Көшіру немесе қайта жариялау барысында мәтіндерде мағыналық бұрмаланулар мен түпнұсқадан ауытқулар жиі кездеседі. Бұл – болашақ зерттеулерде аса мұқият ескеруді қажет ететін фактор.

Өзбекәлі Жәнібеков туралы естеліктердің маңызды бөлігі – онымен тікелей араласқан, бірге қызмет еткен немесе дос-жаран болған замандастарының жазбаларынан көрініс табады. Қазақтың ұлттық тарихы мен мәдениетін қайта жаңғыртуға бүкіл саналы ғұмырын арнаған бұл көрнекті тұлғаны мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлы «Рух сардары» деп ерекше бағалаған [20, 3 б.]. Сондай-ақ Шерхан Мұртаза, Серік Қирабаев, Мырзатай Жолдасбеков сынды танымал қайраткерлер де өз естеліктерінде Жәнібековтің еңбегі мен тұлғалық келбетін жан-жақты сипаттап көрсеткен.

Деректану ғылымы аясында мерзімді басылым материалдарын зерттегенде олардың жанрлық ерекшеліктерін жіктеп, дұрыс талдау жасау маңызды. Бұл жанрларға мыналар жатады: 1) мақалалар (публицистикалық, ғылыми, сын т.б.), 2) бас мақалалар (газет жанрына тән), 3) очерктер, 4) түрлі шолулар (әдеби, ішкі және халықаралық), 5) фельетондар, 6) көркем әдеби туындылар (әңгіме, повесть), 7) сот материалдары, 8) некрологтар, 9) хабарламалар, 10) жарнамалар. Сонымен қатар, әр басылымның пайда болуы мен дамуына таптық, саяси күрес сипаты, идеологиялық бағыттар және тарихи жағдайлар ерекше ықпал еткенін ескеру қажет [21].

Қорытынды

Ғылыми зерттеу барысында бірқатар тұжырымдар жасалып, нақты ғылыми қорытындыларға қол жеткізілді. Біріншіден, Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметіне байланысты тарихи деректерді іздеу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінен жаңа мұрағаттық материалдар табылып, зерттеу айналымына енгізілді. Екіншіден, осы жаңа деректер негізінде



оларды сыныптап, деректанулық тұрғыдан талдау арқылы бұрын белгісіз немесе аз зерттелген мәліметтер анықталды.

Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі – жаңадан табылған деректерге сүйене отырып, тұлғаның өмірі мен қызметіне қатысты тың көзқарас пен ғылыми тұжырымдар қалыптасты. Жалпы алғанда, жеке тұлғаларға қатысты кез келген дереккөзді тарихи материал ретінде қарастырудың өзектілігі айқындалды. Тарих ғылымының басты принциптері мен деректану әдістеріне сүйене отырып, кез келген тарихи мәліметтің объективтілігі мен шынайылығы міндетті түрде сақталуы тиіс. Бұл ретте, тұлғаның өмір сүрген дәуірінде пайда болған немесе тікелей сол кезеңмен байланысты құжаттар мен деректер оның өмір жолын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізу мен оларды талдау болашақта монографиялар, ғылыми мақалалар мен танымдық еңбектердің жарық көруіне негіз болады. Қазіргі кезеңдегі зерттеушілер үшін маңызды міндеттердің бірі – тарихи деректердің табиғатын, олардың құрылымдық ерекшеліктерін және мазмұндық сипатын жан-жақты зерделеу. Осы тұрғыдан алғанда, Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектері тек өз дәуірі үшін ғана емес, қазіргі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті. Оның саяси әрі мәдени қызметі алдағы ғылыми ізденістер үшін берік негіз болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТ

[1] Медведева О.В. Фонды личного происхождения как объект архивного хранения // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. 2022. Т. 27, № 4. С. 1098-1107. <https://doi.org/10.20310/1810-0201-2022-27-4-1098-1107>

[2] Мұртаза Ш. Алла сызығынан аспақ жоқ : [мәдениеттанушы Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Шерхан Мұртаза // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.

[3] Қирабаев С. Халық мүддесінің жоқшысы: [мемлекет және қоғам қайраткері Ө Жәнібеков жайында] / – Алматы, 2001. – Б. 396–404.

[4] Арғынбаев Х. Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ этнографиясының жанашыры. // Өлкетану. – 2005. – №3. – Б. 10-12

[5] Адырбек Б. Өзбекәлі Жәнібектің қоғамдық-саяси қызметі және ғылыми мұрасы: тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Б. Адырбек. – Алматы, 2009. – 26 б.

[6] Жәкішева З. Өзбекәлі Жәнібек тағылымы // З. Жәкішева. – Алматы, 2011. –162 б.

[7] Архивное строительство в Казахстане (1918-1980 гг.) / Сборник законодательных и руководящих документов. Алматы, 1980. 230 с.

[8] ҚРОМА. 2238-қ, 1-т, 5-іс,

[9] ҚРОМА. 2238-қ, 1-т, 256-іс,

[10] ҚРОМА. 2238-қ, 2-т, 13-іс,

[11] ҚРОМА, 2238-қ, 1-т, 179-іс,

[12] Жәнібеков Ө. Жолайырықта: көкейкесті тақырыпқа сұхбат / Ө. Жәнібеков; суретшісі: Г. Сидоров. – Алматы: Рауан, 1995. – 111 б.

[13] Өтен Г. Өзбекәлі Жәнібековтің заманхаты жеке адамдық дерек көзі ретінде. // Қазақ тарихы. 2015. – №7 (138). – Б. 27–29.

[14] Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы: Есте қалғандар. Азаматтық парыз. Жаңа заман айшықтары : естеліктер / Ө. Жәнібеков. – Алматы: Рауан, 1996. – 192 б.

[15] Қожа М. Өзбекәлі Жәнібековтің үш хаты. // МӘДЕНИ МҰРА ғылыми журнал. – 2023. – № 2 (101). – Б. 137-145

[16] Жәнібеков Ө. Мұрамыздың бір бөлігі : [қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері] / Ө Жәнібеков // Қазақстан мектебі. – 1984. – № 6. – Б. 68–69.

[17] Жәнібеков Ө. Алтын домбыра жайлы аңыз : [қазақ музыка тарихы туралы] / Ө Жәнібеков // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 6 қаңтар. – Б. 4.

[18] Жәнібеков Ө. Жас дарынға аялы алақан керек : [Қазақстан Жазушылар одағында сөйлеген сөзі] / Өзбекәлі Жәнібеков // Қазақ әдебиеті. – 1988. – 29 июль. – Б. 1–2.

[19] Жәнібеков Ө. Жолдасты Қазақ ССР мәдениет министрі етіп тағайындау туралы : [Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президумының Указы] // Социалистік Қазақстан. – 1987. – 29 қыркүйек. – Б. 4.

[20] Кекілбайұлы Ә. Рух сардары бола білді: [мәдениеттанушы, мемлекет қайраткері Ө. Жәнібеков туралы естелік] / Әбіш Кекілбайұлы // Егемен Қазақстан. – 1998. – 24 ақпан. – Б. 3.

[21] Атабаев Қ. Деректану: Оқу құралы. Толықтырылып II басылуы. Алматы: «Қазақ тарихы», 2007, 272 б.



REFERENCES

- [1] Medvedeva O.V. Fondy lichnogo proiskhozhdeniia kak obekt arkhivnogo khraneniia // Vestnik Tambovskogo universiteta. [Funds of personal origin as an object of archival storage // Bulletin of Tambov University]. Serii: Gumanitarnye nauki. 2022. T. 27, № 4. S. 1098-1107. <https://doi.org/10.20310/1810-0201-2022-27-4-1098-1107> [in Russian]
- [2] Murtáza Sh. Allasyzygnanaspakhok: [madeniettanushy O. Zhanibekov turaly estelik] / Sherkhan Murtáza [There is no more than the line of Allah: [memory of the culturologist U. Zhanibekov] / Sherkhan Murtaza] // Egemen Kazakhstan. – 1998. – 24 akpan. – B. 3 [in Kazakh]
- [3] Kirabaev S. Khalyk muddecinin zhokshysy: [memleket zhane kogam káiratkeri O Zhanibekov zhainda] / [Advocate for the People's Interests: [About the Statesman and Public Figure U. Zhanibekov] – Almaty, 2001. – B. 396–404. [in Kazakh]
- [4] Argyubaev Kh. Ozbekali Zhanibekov – kazak etnografiiasynyn zhanashyry. [Uzbekali Zhanibekov is a fan of Kazakh ethnography]. // Olketanu. – 2005. – №3. – B. 10-12 [in Kazakh]
- [5] Adyrbek B. Ozbekali Zhanibektin kogamdyk-saiasi kyzmeti zhane gylymi murasy: tarikh gylymdarynyn kandidat ygylymi darezhesin aluushin daiyndalghan dissertatsiianyn avtorreferaty / B. Adyrbek. [Socio-political activity and scientific heritage of Uzbekali Zhanibek: abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of historical sciences]– Almaty, 2009. – 26 b. [in Kazakh]
- [6] Zhakisheva Z. Ozbekali Zhanibek tagylymy // Z. Zhakisheva. [The lessons of uzbekali Zhanibek]– Almaty, 2011. – 162 b. [in Kazakh]
- [7] Arkhivnoe stroitelstvo v Kazakhstane (1918-1980 gg.) / Sbornik zakonadatelnykh i rukovodiashchikh dokumentov. [Archival construction in Kazakhstan (1918-1980) / Collection of legislative and governing documents]. Almaty, 1980. 230 s. [in Russian]
- [8] KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 2238-k, 1-t, 5-is,
- [9] KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 2238-k, 1-t, 256-is,
- [10] KROMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 2238-k, 2-t, 13-is,
- [11] KROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 2238-k, 1-t, 179-is,
- [12] Zhanibekov O. Zholaiyrykta: kokeikesti takyrypka sukbat / O. Zhanibekov; suretshisi: G. Sidorov. [At the crossroads: an interview on a topical topic / U. Zhanibekov; artist: G. Sidorov]. – Almaty: Rauan, 1995. – 111 b. [in Kazakh]
- [13] Oten G. Ozbekali Zhanibekovtin zamankhaty zheke adamdyk derek kozi retinde. [Uzbekali Zhanibekov's diary as a personal source]. // Kazak tarikhly. 2015. – №7 (138). – B. 27–29. [in Kazakh]
- [14] Zhanibekov O. Tagdyr tagylymy: Este kalgandar. Azamattyk paryz. Zhana zaman aishyktary: estelikter / O. Zhanibekov. [Zhanibekov U. lessons of Fate: memories. Civil duty. New Times: memories / U. Zhanibekov] – Almaty: Rauan, 1996. – 192 b. [in Kazakh]
- [15] Kozha M. Ozbekali Zhanibekovtin ush khaty. [Three letters of Uzbekali Zhanibekov]. // MADENI MURA gylymi zhurnal. – 2023. – № 2 (101). – B. 137-145 [in Kazakh]
- [16] Zhanibekov O. Muramyzdyn bir boligi: [kazaktyn ul'tyik kiimderinin turleri] / O Zhanibekov [Part of our heritage: [types of Kazakh national costumes] / U Zhanibekov] // Kazakhstan mektebi. – 1984. – № 6. – B. 68–69. [in Kazakh]
- [17] Zhanibekov O. Altyn dombyra zhaily anyz: [kazak muzyka tarikhly turaly] / O Zhanibekov [The Legend of the Golden dombra: [about the history of Kazakh music]] // Kazak adebieti. – 1984. – 6 kantar. – B. 4. [in Kazakh]
- [18] Zhanibekov O. Zhas darynga aiialy alakan kerek: [Kazakhstan Zhazyshylar odagynda soilegen sozi] / Ozbekali Zhanibekov [The young talent needs a good hand: [speech in the Union of writers of Kazakhstan]] // Kazak adebieti. – 1988. – 29 iul. – B. 1–2. [in Kazakh]
- [19] Zhanibekov O. Zholdasty Kazakh SSR madeniet ministri etip tagaiyndau turaly : [Kazakh SSR Zhogargy Soveti Prezidiumynyn Ukazy] [On the appointment of a comrade as Minister of culture of the Kazakh SSR: [Ukaz of the Presidium of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR]] // Sotsialistik Kazakhstan. – 1987. – 29 kyrkuiyek. – B. 4. [in Russian]
- [20] Kekilbaiuly A. Rukh sardary bola bildi: [madeniettanushy, memleket káiratkeri O. Zhanibekov turaly estelik] / Abish Kekilbaiuly // [The spirit was able to become a Sardar: [memory of the culturologist, statesman U. Zhanibekov] / Abish Kekilbayuly] Egemen Kazakhstan. – 1998. – 24 akpan. – B. 3. [in Kazakh]
- [21] Atabaev K. Derektánu: Oku kuraly. Tolyktyrylyp II basyluy. [Source Studies: a training manual. The second edition] Almaty: «Kazak tarikhly», 2007, 272 b. [in Kazakh]



Каримов К.С.

ЖИЗНЬ И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕКОВА: ИССЛЕДОВАНИЕ, ОСНОВАННОЕ НА ИСТОРИЧЕСКИХ ДАННЫХ

Аннотация. В последние годы в отечественной исторической науке одним из главных направлений стало изучение жизненного пути лиц, внесших значительный труд в государство и общество. Жизнь и общественно-политическая деятельность деятелей, служивших во имя национальных интересов, сегодня рассматриваются в числе актуальных научных вопросов. В настоящее время в истории Казахстана систематически ведется работа по введению в научный оборот новых исторических данных путем изучения физических лиц на достоверной основе. Среди них особое значение имеет изучение жизненного пути и деятельности видного государственного и общественного деятеля советского периода Узбекали Жанибекова. В данной научной статье подробно рассматриваются исторические факты, касающиеся жизни и общественно-политической деятельности Узбекали Жанибекова. Основной целью научного исследования является комплексное обобщение и проведение всестороннего научного анализа данных, касающихся жизненного пути и общественно-политической деятельности Узбекали Жанибекова (архивные документы, воспоминания, мемуары, письма, личные документы и др.). Материалы и методы. В качестве первоисточников использовались архивные материалы, мемуары, мемуары, корреспонденция, личные документы, касающиеся жизни и деятельности личности. В ходе исследования был проведен анализ данных различного уровня с высоким историческим значением, глубоким содержанием. Результаты. В результате исследования были выявлены новые ранее неизвестные сведения о жизни и общественно-политической деятельности Узбекали Жанибекова. Кроме того, в научный оборот вводятся выдержки из воспоминаний о личности и архивные документы, на основе которых всесторонне описываются нравственная личность и особенности деятельности Жанибекова. Вывод. В данной исследовательской работе комплексно рассмотрены исторические данные, связанные с жизненным путем и общественно-политической деятельностью Узбекали Жанибекова, в результате чего выявлены новые данные, ранее не вошедшие в научный оборот.

Ключевые слова: Узбекали Жанибеков; историческая личность; общественно-политическая деятельность; архивные документы; источниковедение; воспоминания; мемуарные данные; источниковедческий анализ.

Karimov Kasymkhan

THE LIFE AND SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF UZBEKALI ZHANIBEKOV: A STUDY BASED ON HISTORICAL DATA

Annotation. In recent years, one of the main directions in domestic historical science has become the study of the life path of individuals who have made significant merits to the state and society. The life and socio-political activities of figures who served in the interests of the national interest are considered among the most pressing scientific issues today. Currently, in the history of Kazakhstan, work is systematically carried out to introduce new historical information into scientific circulation through the study of individuals on a data basis. Among them, the study of the life path and activities of Uzbekali Zhanibekov, a prominent state and public figure of the Soviet period, is of particular importance. In this scientific article, historical facts related to the life and socio-political activities of Uzbekali Zhanibekov are considered in detail. The main purpose of the scientific research is to comprehensively collect and conduct a comprehensive scientific analysis of data (archival documents, memoirs, memoirs, letters, personal documents, etc.) related to the life path and socio-political activities of Uzbekali Zhanibekov. Materials and methods. Archival materials, memoirs related to the life and activities of a person, memoirs, correspondence, personal documents were used as the main sources. In the course of the study, an analysis of data of various levels with a high historical value and deep content was carried out. Results. As a result of the study, new information about the life and socio-political activities of Uzbekali Zhanibekov was revealed, which was previously unknown. In addition, excerpts from memoirs about the personality and archival documents are introduced into scientific circulation, on the basis of which the features of the moral essence and activity of Zhanibekov are described in detail. Conclusion. In this research work, historical data related to the life path and socio-political activities of Uzbekali Zhanibekov were comprehensively considered, as a result of which new data were revealed that were not previously included in scientific circulation.

Keywords: Uzbekali Zhanibekov; historical figure; socio-political activity; archival documents; source studies; memoirs; memoir data; source analysis.